

Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 шілдедегі № 760 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1063 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.12.2015 № 1063 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 13-бабының 26) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру қағидасы бекітілсін.

2. «Әуеайлақтың жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 қазандағы № 973 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 40, 455-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 ш і л д е д е г і
№ 7 6 0 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығын сертификаттау және сертификат беру қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Қазақстан

Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңының 13-бабының 26) тармақшасына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясы әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) жарамдылығын сертификаттау және сертификаттар беру тәртібін анықтайды.

2. Азаматтық авиация мақсатында пайдаланылатын Қазақстан Республикасының сыныпталған әуеайлақтары (тікұшақ айлақтары) сертификаттауға жатады.

3. Қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган (бұдан әрі – уәкілетті орган);

2) әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылық сертификаты – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган берген, әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) оларды пайдалануға жарамдылығының нормаларына сәйкестігін куәландыратын құжат (бұдан әрі – сертификат);

3) әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы – Қазақстан Республикасының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес басқа мемлекеттің әуеайлақты (тікұшақ айлағын), әуежайды меншік құқығында не өзге заңды негіздерде пайдаланатын жеке немесе заңды тұлғасы. Халықаралық әуежайдың пайдаланушысы тек заңды тұлға ғана болады;

4) өтінім – өтініш берушінің сертификаттық тексеру рәсімінен өту үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға жазбаша өтініші;

5) өтініш беруші – сертификат алу үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға жүгінген жеке немесе заңды тұлға;

6) сертификаттық тексеру – әуеайлақты, оның жабдықтарын, пайдалану рәсімдерін, әуеайлақты ұстау және пайдалану жөніндегі технологиялық үдерістерді, құжаттаманы, ұйымдық құрылымды, сондай-ақ өтініш беруші мамандар құзыреттілігінің сертификаттау талаптарына сәйкестігіне уәкілетті орган жүзеге асыратын тексеру;

7) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 № 1257 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 № 1257 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығын сертификаттаудың

мақсаты әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығы, азаматтардың мүлкі мен қоршаған ортаны қорғау үшін әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) қауіпсіздігін қамтамасыз ету
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын) пайдалануға қойылатын жарамдылық нормаларының талаптары осы Қағиданың мақсаттары үшін сертификаттық талаптар болып табылады.

5. Сертификат иеліктен шығарылмайтын болып табылады және ол басқа т ұ л ғ а ғ а б е р і л м е й д і .

Сертификат осы Қағиданың 1, 2-қосымшаларына сәйкес оның қолданылу саласы мен мерзімі көрсетіле отырып, бес жылға дейінгі мерзімге беріледі.

6. Сертификаттарды беруді, есепке алуды, сондай-ақ сертификаттау талаптарының сақталуын бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

Жарық сигналды, радиотехникалық және метеожабдықтармен жарақталған әуеайлақтарды Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) I, II, III санаттарының бірі бойынша сертификаттау үшін уәкілетті орган халықаралық азаматтық авиация ұйымдарының мамандарын тартуы мүмкін.

6-1. Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығын сертификаттау үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) айқындалған тәртіппен және мөлшерде алым алынады. Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығын сертификаттау көрсетілген алым мемлекеттік бюджетке төленгеннен кейін жү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Ескерту. 1-тарау 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 N 1257 қаулысымен (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Сертификаттау тәртібі

7. Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығын сертификаттауды жүргізу тәртібі рәсімдердің мынадай ретін көздейді:

1) өтініш берушінің азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға сертификаттау талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттармен бірге осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес өтінім беруі. Қайта сертификаттауға арналған өтінім қолданыстағы сертификаттың мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 90 кү н б ұ р ы н б е р і л е д і ;

2) осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес уәкілетті органның өтінімі бойынша алдын ала бағалау және шешім қабылдау;

3) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган комиссиясының тиісті

жерге барып сертификаттық тексеру жүргізуі;
4) уәкілетті органның шешім қабылдауы және сертификат беруі (беруден бас
т а р т у ы) .

Әрбір кейінгі рәсім алдыңғы рәсімнің оң нәтижелері кезінде орындалады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 № 1257
қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен
с о ң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і) .

8. Өтінімге сертификаттау талаптарына сәйкестігін растайтын мынадай
қ ұ ж а т т а р қ о с а б е р і л е д і :

1) заңды тұлға үшін – жарғының және өтініш берушінің заңды тұлға ретінде
мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің* немесе анықтаманың өтініш берушінің
бірінші басшысы растаған және мөрі қойылған көшірмесі;

Ескертпе: *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды
тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу
мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24
желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін
берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта
тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды
б о л ы п т а б ы л а д ы ;

2) жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) әуеайлақ (тікұшақ әуеайлағы) және оның радионавигациялық құралы
орналасқан жер учаскесін, құрылысты пайдалану (меншік) құқығына актінің
к ө ш і р м е с і ;

4) осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес әуеайлақтың (тікұшақ айлағының)
жарамдылық сертификатына өтініш беруші міндеттемесінің көшірмесі;

5) пайдаланушының әуе қозғалысына қызмет көрсету және метеоқамтамасыз
ету органдарымен өзара іс-қимыл жасау шарттарының көшірмесі;

6) әуе қозғалысын басқару объектілері мен ұшуды жарық сигналымен
қамтамасыз ету жүйесін ұшу кезінде тексеру актілерінің көшірмесі;

7) радиотехникалық жабдық пен әуе қозғалысын басқару және қызмет
көрсету жөніндегі диспетчер немесе радиооператор пункті жабдығының тізбесі;

8) әуеайлақ (тікұшақ айлағы) жөніндегі нұсқаудың көшірмесі,
метеорологиялық қамтамасыз етудің басшылыққа алынатын құжаты, әуеайлақ (тікұшақ айлағы)
ауданында авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу және өрт
с ө н д і р у б о й ы н ш а ж е д е л ж о с п а р ;

9) ұшуды жүргізу бойынша нұсқаулықтың көшірмесі (бірлесіп пайдаланатын
ә у е а й л а қ т а р ү ш і н) ;

10) инженерлік-техникалық персоналдың оқудан және біліктілігін
арттырудан өткендігін растайтын құжаттардың көшірмесі;

11) аэронавигациялық ақпарат жинағына (бұдан әрі – АІР) енгізу үшін ақпарат тарату және ақпарат алмасу бойынша нұсқаулық;

12) ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты лауазымдық нұсқаулықтардың тізбесі;

13) әуеайлақтың жарамдылық сертификатының қолданылу кезеңінде болған авиациялық инциденттер, оқиғалар және олардың алғышарттары туралы ақпарат (өтінім қайта берілген кезде);

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

14) тармақша 01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 N 1257 қаулысымен.

14) әуеайлақты (тікұшақ айлағын) сертификаттау үшін алынатын алымның төлегенін растайтын құжаттың көшірмесі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 № 1257 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Егер олар аталған құжаттаманы әзірлеуге тартылған болса, осы Қағиданың 8-тармағында көрсетілген растайтын құжаттардың тізбесіне ғылыми зерттеу ұйымдарының және тиісті құзыретті органдардың қорытындылары қоса беріледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 № 1257 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10. Осы Қағиданың 13-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті орган өтінім мен ұсынылған құжаттарды оны алған күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды және қарау нәтижелері туралы өтініш берушіге осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес қабылданған шешім туралы х а б а р л а й д ы .

11. Сертификаттаудың жалпы мерзімі өтінім берілген күннен бастап үш айдан аспауға тиіс.

3. Өтінімді алдын ала бағалау және ол бойынша шешім қабылдау

12. Өтінімді алдын ала бағалау кезінде:

1) өтініш берушінің заңды мәртебесін растайтын құжаттардың болуы;
2) өтініш берушінің осы Қағиданың 8-тармағында көрсетілген құжаттарға с ә й к е с т і г і ;

3) **алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 № 1257 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і) ;**

4) қарауға ұсынылған сертификаттау талаптарына сәйкестікті растайтын

құжаттаманың

толықтығы;

5) инженерлік-техникалық персоналды оқыту және біліктілігін арттыру жоспарының болуы белгіленеді.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 № 1257 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13. Өтінімді алдын ала бағалау барысында уәкілетті орган:

1) өтініш берушіден өтінімде ұсынылған барлық мәселелер бойынша қосымша ақпарат сұратады;

2) өтініш берушіні оларға сәйкестікке әуеайлақ сертификатталатын сертификаттау рәсімдері, нормативтік талаптар туралы хабардар етеді;

3) алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 № 1257 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) өтініш берушіге өтінімді алдын ала бағалау барысында анықталған кемшіліктердің тізбесі бар жазбаша хабарламаны және оларды жою мерзімдері белгіленген ұсынымдарды жібереді.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 № 1257 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14. Өтінім бойынша ескертулер болмаған кезде немесе оларды жойғаннан кейін уәкілетті орган сертификаттық тексеру жүргізу үшін комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құру туралы шешім шығарады және күнтізбелік 15 күннің ішінде бұл туралы осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес өтініш берушіні хабардар етеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 № 1257 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

15. Комиссияға азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның функцияларына азаматтық авиация әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтың) пайдалану және техникалық қызмет көрсету және пайдалануға жарамдылық нормаларын қолдау мәселелері кіретін қызметкерлері енгізіледі. Осы комиссияның құрамына консультанттар ретінде азаматтық авиация ұйымдарының қызметкерлер (мамандар) бірінші басшының немесе оны алмастыратын адамның келісімі бойынша енгізіледі.

4. Сертификаттық тексеру жүргізу және сертификат беру тәртібі

16. Комиссия сертификаттық тексеру кезінде сертификаттық тексеру жүргізу жеріне барады және:

1) әуеайлақ объектілерінің, әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) геометриялық, физикалық сипаттамаларының және оның жабдықтарының әуеайлақ жөніндегі нұсқауға және сертификаттау талаптарына сәйкестігін;

2) әуеайлақты пайдалану рәсімдерін (әуеайлақты пайдалануға дайын күйде дайындығында ұстау бойынша жүргізілген жұмыстардың толықтығы);

3) әуеайлақта қауіпсіздікті қамтамасыз ету және басқару жүйесін (пайдаланушының әуеайлақты сертификаттау талаптарына сай келетін күйде ұстау мүмкіндігін бағалау);

4) ұйымдық құрылымды, штаттың жинақталуы және азаматтық авиация ұйымының (өтініш берушінің) басқару негізгі қағидаттарын;

5) ұйымдастыруда және азаматтық авиация ұйымының қызметін қамтамасыз етуде басшылық құрамның, сондай-ақ тікелей ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуімен байланысты мамандардың тәжірибесін;

6) өтініш берушінің басқа ұйымдармен тиісті арнайы жабдықтарды пайдалану, техникалық қызмет көрсету, жөндеу және бақылау құқығына жасасқан өзара іс-қимыл жасау шарттарының болуын, сондай-ақ авиация персоналын оқытуды;

7) функционалдық міндеттерді қамтамасыз ету үшін өндірістік алаңдардың санының жеткілікті болуын;

8) пайдалану техникалық құжаттардың болуын;

9) әуеайлақ объектілерінің, азаматтық авиация ұйымдарының өндіріс жабдықтары мен құралдарының техникалық сипаттамаларын (көрсеткіштерін) қарайды, өтініш берушінің әуеайлақтың сертификаттау және пайдалану талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету қабілетін айқындауға мүмкіндік беретін өндірістік рәсімдерді тексереді.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 № 1257 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

17. Сертификаттық тексеру мерзімі сертификаттық тексеру жүргізуге шешім қабылданған сәттен бастап күнтізбелік отыз күннен аспайды.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 № 1257 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

18. Сертификаттық тексеру осы Қағидаға 6 және 7-қосымшаларға сәйкес сертификаттық тексерудің үлгі бағдарламасына сәйкес жүргізіледі.

19. Сертификаттық тексерудің нәтижелері бойынша әуеайлақтың іс жүзіндегі жай-күйі, тұжырымдар, ұсынымдар және сертификат беру мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды көрсетіле отырып, екі данада осы Қағидаға 8-қосымшаға сәйкес сертификаттық тексеру актісі (бұдан әрі – Акті) жасалады. Актіге комиссияның барлық мүшелері қол қояды және ол танысу үшін өтініш

б е р у ш і г е

ұ с ы н ы л а д ы .

20. Сертификатты беру мүмкіндігі туралы қорытынды қамтылған акті сертификат беру үшін негіз болып табылады.

21. Сертификатты немесе сертификат беруден бас тарту туралы шешімді ресімдеуді және беруді уәкілетті орган сертификаттық тексеру актісі жасалғаннан кейін күнтізбелік он күннің ішінде жүргізеді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 № 1257 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2 2 . Е г е р :

1) әуеайлақ (тікұшақ айлағы) азаматтық әуеайлақтардың (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылығы нормаларына сәйкес келмесе;

2) әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы Заңның 64-бабының 1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе, сертификатты беруден бас т а р т у жү р г і з і л е д і .

23. Сертификатты беруден бас тартқан кезде өтініш берушіге бас тарту себептері көрсетіліп, дәлелді жауап беріледі.

2 4 . М ы н а д а й :

1) әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы сертификаттау және пайдалану талаптарын сақтамаған жағдайда;

2) әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушының өтініші бойынша уәкілетті орган әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылық сертификатының қолданылуын алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұрады.

Анықталған кемшіліктер жойылғаннан және уәкілетті органға растайтын құжаттар ұсынылғаннан кейін сертификаттың қолданылуын қалпына келтіруді сертификаттық тексеруден кейін уәкілетті орган жүзеге асырады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 № 1257 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

25. Егер әуеайлақты (тікұшақ айлағын) пайдаланушы тоқтата тұру негіздемесінің анықталған сәйкессіздіктерін жоймаса, уәкілетті орган әуеайлақтың (тікұшақ айлағын) жарамдылық сертификатын қайтарып алады.

26. Сертификат қайтарып алынған жағдайда ол осы Қағидада көзделген тәртіппен қайтадан сертификаттау жүргізілгеннен кейін беріледі.

27. Сертификаттың қолданысын тоқтата тұрған немесе кері қайтарылып алынған жағдайда, уәкілетті орган сертификаттың иесіне қабылданған шешім т у р а л ы х а б а р л а й д ы .

Сертификаттың қолданысын тоқтату әуеайлақтың жарамдылығына

сертификат берудің Мемлекеттік тізілімінен шығарылған сәттен бастап күшіне енеді.

5. Сертификаттау талаптарынан шегіну

28. Уәкілетті органның келісімі бойынша әуеайлақты (тікұшақ әуеайлағын) пайдалануға жарамдылығы, егер ондай шегінулер белгіленгенге барабар ұшу қауіпсіздігінің деңгейін қамтамасыз ететін қосымша шараларды енгізуімен өтелсе, нормаларынан уақытша шегінуге жол беріледі.

Бұл ретте ұшу қауіпсіздігінің барабар деңгейін (бұдан әрі – ҰҚБД) қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар қабылданады, сертификаттық құжаттама құрамына енгізілетін және сертификат алуға арналған өтінімге қоса берілетін қажетті құжаттама әзірленеді. ҰҚБД қамтамасыз етудің тиісті шараларын қабылдау туралы құжаттама бағалау, тәуекелді басқару әдістемесінің негізінде жасалады және оған өтініш беруші мен ҰҚБД-ны әзірлеуге қатысқан ұйым қол қояды.

Ескерту. 28-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 № 1257 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

29. ҰҚБД бойынша құжаттаманы әзірлеу үшін өтініш беруші (әуеайлақ (тікұшақ әуеайлағының) пайдаланушысы, иесі) тиісті ғылыми-зерттеу және/немесе өзге де құзыретті ұйымдарды тартуы мүмкін. Тәуекелді бағалау мақсатында ҰҚБД әзірлеуге дейін осы шараларға қатысты уәкілетті органнан консультация алуы қажет.

Уәкілетті органмен келісілгеннен кейін осы әуеайлақта (тікұшақ айлағында) ҰҚБД қолданысқа енгізу туралы ақпарат он жұмыс күні ішінде әуеайлақ (тікұшақ айлағы) жөніндегі нұсқауға және аэронавигациялық ақпараттың басқа да құжаттарына енгізіледі.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 № 1257 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

30. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сертификаттау талаптарына сәйкестігін, ұшуға жарамдылықты қамтамасыз ету жауапкершілігі әуеайлақты (тікұшақ айлағын), уақытша әуеайлақты және қону алаңдарын пайдаланудың бүкіл кезеңінде пайдаланушыға жүктеледі.

31. Азаматтық авиация ұйымының атауы, оның ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген және сертификаттау талаптарына сәйкес келмеуіне әкеп соқтырмайтын басқа да өзгерістер болған жағдайда сертификатқа тиісті өзгерістер енгізіледі.

Сертификатқа өзгерістер енгізу кезінде бұрын берілген сертификаттың тіркеу

нөмірі сақталады, ал мемлекеттік тізілімнің әуеайлақтардың жарамдылық сертификаттарының тізіліміне бұл туралы тиісті жазба енгізіледі.

32. Сертификат бүлінген немесе жоғалған (ұрланған) жағдайда уәкілетті орган сертификаттың телнұсқасын береді.

33. Сертификатқа өзгерістер енгізу немесе телнұсқасын алу үшін сертификаттың иесі негіздемесімен, тиісті өзгерістерді растайтын құжаттармен қоса еркін нысандағы өтінішті және бұрын берілген сертификатты (жоғалған немесе ұрланған жағдайлардан басқа) береді.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 № 1257 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

34. Уәкілетті орган өтініш берушіден өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде сертификаттың телнұсқасын береді.

35. Әуеайлақта ұшу-қону жолағының, рульдеу жолдарының, әуе кемелерінің тұрақ орындарының, перрондарының физикалық, геометриялық сипаттамасына, жарық сигналдық, радиотехникалық немесе метеорологиялық жабдықтарды орнатуға, қайта жаңартуға және жаңғыртуға, әуеайлақ объектілерін электрмен жабдықтауды қайта жаңартуға немесе жаңғыртуға; талап етілетін өрттен қорғау деңгейі бойынша санатты өзгертуге; ИКАО-ның 15-қосымшасына сәйкес әуеайлақтың 2, 3 немесе 4-ауданында кедергілердің құрамы мен сипаттамасындағы өзгерістерге қатысты бөлікте әуеайлақта өзгерістер енгізу қажет болған жағдайда, сертификаттың иесі өзгерістерді есепке ала отырып, әуеайлақ объектісінің пайдалану талаптарына сәйкестігін анықтайды және өзгерісті әуеайлақ нұсқауына енгізу үшін уәкілетті органнан мақұлдау алу үшін өтінім жолдайды.

Өзгерістерді ескере отырып, әуеайлақтың пайдалану талаптарына сәйкестігін анықтау жұмысына қажеттілігіне қарай ғылыми-зерттеу немесе өзге де құзыретті ұйымдар тартылады.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 № 1257 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

36. Өзгерістерге мақұлдау алу үшін өтінім уәкілетті органға осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес белгіленген нысанда ұсынылады. Өтінімге сертификаттық құжаттардың өзгерістерге байланысты түзетулері қоса беріледі.

37. Берілген өтінім уәкілетті органға түскен кезден бастап он жұмыс күн ішінде қаралады.

38. Уәкілетті орган өтінімді қараған соң және қажет болған жағдайда әуеайлақты тексереді, уәкілетті орган сертификаттың иесіне қарау нәтижелері

туралы хабарлайды және қажет болған жағдайда әуеайлақтың сертификатына өзгеріс енгізеді.

6. Сертификатталған әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарды) инспекциялық бақылау

Ескерту. 6-тарау алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 № 1257 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының)
жарамдылығын сертификаттау және
сертификат беру қағидасына
1-қосымша

ӘУЕАЙЛАҚТЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҚ СЕРТИФИКАТЫ АРД сериясы № _____

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 № 1257 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20__ жылғы «__» _____ берілді

20__ жылғы «__» _____ дейін жарамды

1. Әуеайлақ (әуеайлақ атауы) _____

2. Әуеайлақтың орналасқан жері (әкімшілік және географиялық координаталары) _____

3. Әуеайлақтың иесі (занды тұлға) _____

4. Әуеайлақтың сыныбы және ИКАО коды _____

5. Осы арқылы әуеайлақтың азаматтық әуеайлақтарды пайдалану талаптарына және жарамдылық нормаларына сәйкес келетіні куәландырылады. Осы сертификаттың ажырамас бөлігі болып табылатын сертификатқа қосымшада қолданылу саласында көрсетілген ережелер мен шектеулерді ескере отырып, ұшуларды орындауға рұқсат етіледі.

6. Сертификатты беру үшін негіз: _____

Комиссияның 20 ж. « » _____ қорытындысы туралы акт

(сертификатты берген орган басшысының Т.А.Ә.)

МО _____

(қолы, Т.А.Ә.)

Әуеайлақтың

жарамдылық

сертификатына қосымша

АРД сериясы № _____

ӘУЕАЙЛАҚТЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҚ СЕРТИФИКАТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

Ұшу шарттары		Кіру түрі және қону бағыты	Ескертпе
Р/с №	Шектеулер		
1			
2			
3			
4			

(сертификатты берген орган басшысының Т.А.Ә.)

МО _____

(қолы, Т.А.Ә.)

Әуеайлақтың

(тікұшақ

айлағының)

жарамдылығын

сертификаттау

және

сертификат

беру

қағидасына

2-қосымша

ТІКҰШАҚ АЙЛАҒЫНЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҚ СЕРТИФИКАТЫ

ВРД сериясы № _____

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 № 1257 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20__ жылғы «__» _____ берілді

20__ жылғы «__» _____ дейін жарамды

1. Тікұшақ айлағы (жерүсті, көтерілген және тікұшақ палубасындағы тікұшақ айлағының атауы) _____

2. Тікұшақ айлағының орналасқан жері (әкімшілік және географиялық координаталары) _____

3. Тікұшақ айлағының иесі _____

4. Тікұшақ айлағын пайдаланушы _____

5. Тікұшақ айлағының ИКАО бойынша сыныбы ІІІ, ІІІІ __ ІІ __ ІІІ __

6. Осымен тікұшақ айлағы осы сертификаттың ажырамас бөлігі болып табылатын қолданылу саласын есепке ала отырып, азаматтық тікұшақ айлақтарын пайдалану талаптары мен жарамдылық нормаларына сәйкес _____ келетіні _____ куәландырылады.

7. Сертификатты беру үшін негіз: _____
Сертификат 20__ ж. «__» _____ қорытындысы туралы
акт (тексеру парағы) _____

(сертификатты берген орган басшысының Т.А.Ә.)

МО _____

(қолы, Т.А.Ә.)

Тікұшақ _____ айлағының _____ жарамдылық
сертификатына қосымша
ВРД сериясы № _____

ТІКҰШАҚ АЙЛАҒЫНЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҚ СЕРТИФИКАТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

Ұшулар шарттары		Қону бағыты	Ескертпе
Р/с №	Шектеулер		
1			
2			
3			
4			

(сертификатты берген орган басшысының Т.А.Ә.)

МО

(қолы, Т.А.Ә.)

Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының)
жарамдылығын сертификаттау және
сертификат беру қағидасына
3-қосымша

**Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығына
сертификаттауды жүргізуге
ӨТІНІМ**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 № 1257
қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі).

1. _____
(ұйымның, өтініш берушінің атауы, оның мекенжайы)
атынан _____
(әуеайлақтың атауы)
_____ негізінде әрекет ететін

(басшының лауазымы, Т.А.Ә.)

_____ (нормативтік актілерді көрсету және атауы)
талаптарына сәйкес келетіндігін мәлімдейді және осы объектінің
сертификаттау талаптарына сәйкестігіне инспекциялық тексеру жүргізуді
с ұ р а й д ы .

2. Қосымша ақпарат (әуеайлақ (тікұшақ айлағы) класы, қону
аспаптарын ескере отырып (көзбен шолу, аспаптар бойынша, нақты емес
немесе нақты кірулер) ұшу шарттары _____

3. Қосымша _____

Басшы _____
(Т.А.Ә.) (қолы)

М.О. Күні _____
Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының)
жарамдылығын сертификаттау және

сертификат

беру

қағидасына

4-қосымша

**Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығына
сертификаттау жүргізуге өтінім бойынша
шешім**

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 № 1257 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20__ жылғы «__» _____

Сіздің әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылығын сертификаттауға өтініміңізді және құжаттамаңызды қарап, мынаны х а б а р л а й м ы з :

1. Сертификаттық тексеру ____ бастап ____ кезеңінде жүргізіледі.

2. Тексеру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 қаңтардағы № 156 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Азаматтық авиациясы әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылығы нормаларының, сондай-ақ _____

_____ талаптарына сәйкес жүргізіледі

(нормативтік құжаттардың атауы)

3. Сертификаттық тексеруді мынадай құрамдағы Комиссия объектілерді тексеру (сынау) жолымен жүзеге асырады:

Комиссия төрағасы _____

Комиссия мүшелері _____

4. Жұмыстар 20__ жылғы «__» _____ № ____ өтінім негізінде жүргізіледі.

Басшы _____

(Т.А.Ә.)

(қолы)

МО

20__ ж. «__» _____

Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының)

жарамдылығын сертификаттау және

сертификат беру қағидасына

5-қосымша

**Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының) жарамдылық
сертификатына өтініш берушінің
міндеттемесі**

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 № 1257 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Мен, _____
(Т.А.Ә., лауазымы)
_____ осы арқылы әуеайлақтың (тікұшақ
айлағының) _____

_____,
(нормативтік құжаттардың атауы)
сертификаттау талаптарына сәйкес келетінін, ұсынылған құжаттамадағы
ақпарат әуеайлақтың нақты жай-күйіне сәйкес келетінін куәландырамын
ж ә н е :

1) әуеайлақты (тікұшақ айлағын) сертификаттау талаптары мен
нормативтік құжаттаманың ережелеріне сәйкес пайдалануға және ұстауға;

2) аэронавигациялық ақпарат басылымдарында (AIP) қамтылған
деректердің әуеайлақтың нақты жай-күйіне сәйкестігін қамтамасыз
е т у г е ;

3) әуеайлақта (тікұшақ айлағында) сертификаттау және
нормативтік талаптарға сәйкессіздіктер анықталған кезде әуежайда ұшу
қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қажетті шектеулерді дереу
енгізіп, уәкілетті органға бұл туралы хабарлауға;

4) уәкілетті органнан әуеайлақ басшылығына, әуеайлақтың
аэронавигациялық паспортына (ұшуды пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа)
және әуеайлақ (тікұшақ айлағы) ауданында авариялық-құтқару жұмыстарын
және өрттерді сөндіру бойынша жедел жоспарға толықтырулар мен
өзгерістер енгізуге рұқсат алуға;

5) AIP-ге енгізу үшін дайындалған материалдарды уәкілетті
органға бекітуге уақытында жіберуге міндеттенемін.

Басшы _____
(Т.А.Ә.) (қолы)

МО 20__ ж. «__» _____
Әуеайлақтың (тікұшақ айлағының)
жарамдылығын сертификаттау

және сертификат беру
қағидасына 6-қосымша

Әуеайлақты сертификаттық тексерудің үлгі бағдарламасы

Ескерту. 6-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.11.2013 № 1257 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Әуеайлақты пайдаланушының атауы _____

Тексеру күні, бұйрықтың № _____

Т.А.Ә., комиссия мүшелерінің лауазымы _____

Р / с №	Бағдарлама бойынша позициялардың нөмірлері және тексерілетін элементтер	Сәйкестік бағасы (- +)	Сәйкессіздік позициясының нөмірі
1	2	3	4
1. Ұсынылған дәлелдеу құжаттамасы жиынтығының болуы және сәйкестігі			
1	Әуеайлақтың жарамдылық сертификатын алу үшін сертификаттық талаптарға сәйкестігін растайтын өтінім және құжаттар		
2	Өтініш берушінің Жарғысы (құрылтай шарты)		
